

"Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" КММ 6 қызмет түрін көрсетеді:

1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау. Жыл бойы бұл мемлекеттік қызмет 56 оқушыға көрсетілді;
2. Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру. Жыл ішінде аталған мемлекеттік қызмет 1 оқушыға көрсетілді;
3. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау. Жыл бойы аталған мемлекеттік қызмет 2 оқушыға көрсетілді.
4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну. Жыл бойы аталған мемлекеттік қызмет 01.09.2022 ж. бастап 01.06.2023 ж. дейін жеке санаттағы 151 оқушымен көрсетілді;
5. Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы. Жыл ішінде аталған мемлекеттік қызмет аз қамтылған отбасылардан шыққан 87 оқушыға көрсетілді;
6. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау. 2022-2023 оқу жылы ішінде аталған мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мектеп әкімшілігі жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен уақтылығын арттыру бойынша үнемі ішкі бақылау жүргізеді. Талап етуі құжаттардың стандарттарында көзделмеген Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу фактілері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. БАҚЫЛАУ-ҚАДАҒАЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ЗЕРДЕЛЕУ

"Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" КММ-де оқу-тәрбие үдерісін жүргізу сапасын арттыру мақсатында мектепішілік бақылау жоспары құрылып, бекітілді, оған сәйкес жауапты тұлғалар тексеру іс-шаралары кезінде өз міндеттерін орындайды. Мектепішілік бақылау нәтижелері анықтамалармен ресімделеді және директор жанындағы әкімшілік кеңестерде тыңдалады. Сонымен қатар, мектепішілік бақылау нәтижелері оқушылардың ата-аналарының назарына жеткізіледі. Мектепішілік бақылау әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

5. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

"Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" КММ директорының 16.01.2023 №3 бұйрығымен 2023 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспары бекітілді.

Мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде үлестестік фактілері анықталған жоқ.

6. ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ САЛАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

"Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" КММ -де сенім телефоны 2-50-48 орнатылды. Мектеп фойесіндегі ақпараттық стендте "Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп" КММ Әкімшілігімен жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі бекітілген, сонымен қатар мектеп фойесінде жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне жәшік орнатылған, 2022 жылдың 01 қыркүйегінен 2023 жылдың 01 маусымына дейін